«BILIM-ORKENIETI»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН
АРТТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ

010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,
Жеңіс көшесі 29, 421 «а» офис
www.bilim.ork.kz, nabiev-92@mail.ru
тел.: 8778-742-74-40

«РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЦЕНТР
ПО ПОВЫШЕНИЮ
КВАЛИФИКАЦИИ КАЗАХСТАНА
«BILIM-ORKENIETI»

010000, город Астана, район Сарыарка,
ул. Женис 29, офис 421 «а».
www.bilim.ork.kz, nabiev-92@mail.ru
тел.: 8778-742-74-40

04.09.2026
№ 01-26-572 и

Абай облысы білім
басқармасының басшысы
А.А. Құрмановаға

Отдел образования города Семея области Абай Абуталиевой Л.С.

Құрметті Айжан Абзалиқызы!

«ДАМУ» Халықаралық инновациялық орталығы мен «Bilim-orkenieti» Республикалық Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттыру орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің № 95 және №175 бұйрықтары негізінде білім беру саласындағы кәсіби басқарушы кадрлар мен әдіскерлерді қолдау, олардың озық тәжірибесін насихаттау және кәсіби беделін арттыру мақсатында білім беру саласындағы кәсіби басқарушы кадрлар мен әдіскерлерді қолдау, олардың озық тәжірибесін насихаттау және кәсіби беделін арттыру мақсатында **«ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК ОРЫНБАСАР»** *(бейіндік, ғылыми орынбасарлар завучтер үшін)* республикалық байқау-марафонын ұйымдастырады.

Байқау-марафонның мақсаты білім беру ұйымдарындағы кәсіби білікті директор орынбасарлары мен әдіскерлерді анықтау, олардың басқарушылық, әдістемелік және ұйымдастырушылық әлеуетін қолдау, педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететін озық тәжірибелерді насихаттау, тәжірибе алмасу мен кәсіби ынтымақтастыққа жағдай жасау, сондай-ақ заманауи білім беру бастамаларын жүзеге асыруға қабілетті көшбасшылар қауымдастығын қалыптастыру.

Осыған орай, Сізден республикалық байқау-марафоны туралы ақпараттық хатты **Абай облысына** қарасты білім беру ұйымдарына таратып, ақпараттық қолдау көрсетуіңізді сұраймыз.

Байқау-марафон жайында толық ақпарат қосымшада берілген. Сіздердің ұйыммен қалыптасқан іскерлік байланыс пен өзара ынтымақтастықты жоғары бағалай отырып, алдағы уақытта да білім беру саласындағы ортақ бастамаларды қолдау бағытындағы серіктестігіміз жалғасын табады деп сенеміз.

Қосымша: 3 парақ

Директор **С. Набиев**

Орынд.: Н. Жақан
Тел.: +7 705 566 72 40

«ДАМУ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ

«ДАМУ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ
ИННОВАЦИОННЫЙ
ЦЕНТР

010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,
Жеңіс көшесі 29, 421 «А» офис
astana-20n@mail.ru
тел.: +7 705 566 72 40, +7 778 742 74 40

010000, город Астана, район
Сарыарка, ул. Жеңіс 29, офис 421.
astana-20n@mail.ru
тел.: +7 705 566 72 40, +7 778 742 74 40

Отдел образования города Сатпаев Управления образования Абайской области Ахметова Л.С.

Ақпараттық хат

Құрметті білім беру ұйымдарының басшылары, директор орынбасарлары және әдіскерлер назарына!

«ДАМУ» Халықаралық инновациялық орталығы мен «Bilim-orkenieti» Республикалық Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттыру орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің № 95 және №175 бұйрықтары негізінде білім беру саласындағы кәсіби басқарушы кадрлар мен әдіскерлерді қолдау, олардың озық тәжірибесін насихаттау және кәсіби беделін арттыру мақсатында **«ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК ОРЫНБАСАР»** (бейіндік, ғылыми орынбасарлар завучтер үшін) республикалық байқау-марафоны өткізілетіндігін хабарлайды.

Жоба педагогтердің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыру бағытындағы қолданыстағы нормативтік талаптарды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің № 95 және №175 бұйрықтарында айқындалған бағыттарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Байқау-марафонның екінші кезеңіне өткен әр завучке қаржылай сыйақы беріледі. Ал байқау қорытындысы бойынша ең жоғары нәтиже көрсетіп, үздік деп танылған завучке шетелге саяхаттау мүмкіндігі табысталады.

Қазіргі білім беру жүйесінде директор орынбасары мен әдіскер тек оқу-әдістемелік үдерісті ұйымдастырушы ғана емес, педагогикалық ұжымның кәсіби дамуына бағыт беретін, жаңашыл бастамаларды қолдайтын және білім сапасын арттыруға ықпал ететін маңызды маман болып табылады.

Осыған байланысты байқау кәсіби тәжірибесімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, көшбасшылық қасиеттерімен және педагогтермен нәтижелі жұмыс жүргізе білуімен ерекшеленетін мамандарды іріктеуге бағытталған.

Байқау-марафонының мақсаты мен миссиясы

- білім беру саласындағы педагогтердің біліктілігін сапалы арттыру;

- білім беру ұйымдарындағы кәсіби білікті директор орынбасарлары мен әдіскерлерді анықтау;
- олардың басқарушылық, әдістемелік және ұйымдастырушылық әлеуетін қолдау;
- педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететін белсенді мамандарды ынталандыру;
- заманауи білім беру бастамаларын жүзеге асыруға қабілетті көшбасшылар қауымдастығын қалыптастыру;
- республикалық деңгейде тәжірибе алмасу мен кәсіби ынтымақтастыққа мүмкіндік жасау;
- білім беру саласындағы жаңа жобаларға белсенді мамандарды тарту.

Байқау марафонға қатысушылар

Байқауға Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын:

- мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары;
- директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарлары;
- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары;
- директордың ғылыми-әдістемелік және бейіндік жұмыстар жөніндегі орынбасарлары;
- білім беру ұйымдарының әдіскерлері;
- педагогтердің кәсіби дамуын ұйымдастыруға жауапты мамандар

қатыса алады.

Қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды.

Байқау-марафон 2 КЕЗЕҢ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛЕДІ

І кезең – Кәсіби іріктеу

Бірінші кезеңде үміткерлердің кәсіби тәжірибесі, ұйымдастырушылық қабілеті, бастамашылдығы, педагогтермен жұмыс жүргізу тәжірибесі және білім беру ұйымының дамуына қосқан үлесі сараланады.

І кезеңге қатысу үшін тек: өтініш кестесі және соңғы 3 жылдағы жетістіктерін растайтын дипломдар мен сертификаттар жіберілуі қажет.(10 дана дейін, word, pdf, сканер нұсқада қабылданады.)

Ұйымдастыру комитеті келіп түскен құжаттарды саралап, ІІ кезеңге өтетін қатысушыларды жеке анықтайды.

ІІ кезең – кәсіби серіктестік және тәжірибелік бағыт

Бірінші кезеңнен жоғары нәтиже көрсетіп өткен қатысушылар ұйымдастырушы орталықтардың арнайы кәсіби серіктестік бағдарламасына шақырылады.

Екінші кезең аясында қатысушылар педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған жобаларға қатысуға, біліктілікті арттыру бағдарламалары жөнінде ақпараттық-консультациялық қолдау көрсетуге, білім беру ұйымдарымен кәсіби байланыс орнатуға және орталықтың республикалық жобаларын таныстыруға атсалысуға мүмкіндік алады.

Отдел образования города Семей области Абай Алиаскарова Л.С.

ІІ кезеңнің нақты жұмыс тәртібі, бағалау көрсеткіштері, ынталандыру шарттары және серіктестік талаптары бірінші кезеңнен өткен үміткерлерге жеке таныстырылады және қатысушының келісімімен жүзеге асырылады.

Іріктеу бағыттары

• кәсіби тәжірибе және басқарушылық құзыреттілік;
• көшбасшылық және ұйымдастырушылық белсенділік;
• әріптестермен тиімді коммуникация орната білу;
• педагогтердің кәсіби дамуына қосқан үлес;
•бастамашылдық, жауапкершілік және жаңа жобалармен жұмыс істеуге дайындық;
• білім беру саласындағы кәсіби және қоғамдық белсенділік.

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Байқауға қатысу үшін өтініш кестесі мен соңғы 3 жылдағы жетістіктерін растайтын дипломдар мен сертификаттар бірге жіберіледі.

Құжаттар 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін **+7 708-935-69-47** WhatsApp нөміріне қабылданады.

Өтініш кестесі WORD форматында жіберілуі тиіс!

Отдел образования города Семей области Абай А.Сулейменова Л.С.

Қатысушының тегі, аты-жөні	
Облыс, қала, аудан атауы	
Қызмет лауазымы	
Білім беру ұйымының атауы, орналасқан мекен-жайы, облыс, қала, аудан, атауы	
Білім беру ұйымы басшының толық аты-жөні	
Білім беру ұйымындағы педагог пен оқушы саны	
Еңбек өтілі	
Байқау атауы	**«ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК ОРЫНБАСАР»**
Телефон, ұялы, e-mail.ru	
Сапалы түрлі-түсті ¾ фото	
Инстаграм, Facebook парақшасы	